

*«Кім жылдам
математикалық
сайысы»*

атты

интеллектуалдық ойын

Математика пәнінің мұғалімі
Кубжетерова Айгүль Арынгазиевна

Мақсаты:

- **Білімділік:** Оқушылардың бойында азаматтық қасиетті қалыптастыру, олардың белсенділігін арттыру, білімге ұмтылдыру.
Дамытушылық: Оқушыларды ұқыпты тыңдауға, сұрақтарға нақтылы жауап беруге, практикамен ұштастыруға үйрету және олардың математикалық тілін, логикалық ойлау қабілетін дамыту.
Тәрбиелік: Оқушыларды көпшіл болуға үйрету, өзара көмегін қалыптастыра отырып, өз білімін ғана емес басқа оқушының да білімін жауапкершілікпен қарауға дағдыландыру.

ОЙЫН 5 БӨЛІМНЕН ТҰРАДЫ:

I бөлім – Сайыскерлердің топты таныстыруы

II бөлім – «Бәйге»

III бөлім – «Логикалық сұрақтар»

IV бөлім – «Математикалық жұмбақтар»

V бөлім – «Үй тапсырмасы»

I бөлім

**«Сайыскерлер
дің топты
таныстыруы»**

II бөлім

**«Бәйге “С” “П”
әрпімен басталатын
математикалық
атаулар»**

2-бөлім «Бәйге»
«П», «С» әріпімен басталатын
математикалық атаулар.

«П»


«С»

« П » әріпімен басталатын математикалық атаулар

1. Геометриялық жазықтағы денелерді зерттейтін бөлім.
(*планиметрия*)
2. Жазықтағы қиылыспайтын екі түзу. (*параллель*)
3. Тік бұрыш жасап қиылсатын екі түзу. (*перпендикуляр*)
4. Төртбұрыштың бір түрі. (*параллелограмм*)
5. Санның жүздің бір бөлігі. (*процент*)
6. Көпбұрыштың барлық қабырғаларының қосындысы.
(*периметр*)
7. Тік бұрышты үшбұрыш туралы теорема
кімнің атымен алады. (*Пифагор*)
8. Көпжақтың түрлері. (*призма, пирамида, параллелепипед*)

« С » әріпімен басталатын математикалық атаулар.

1. Геометрияның кеңістіктегі денелерді зерттейтін бөлімі.
(*стереометрия*)
2. Бұрыштың түрлері. (*Сүйір*)
3. Тригонометриялық функция. (*синус*)
4. Геометриялық терминдер. (*сектор, сегмент, сәуле*)
5. Тригонометриялық функцияның графигі.
(*синусоида*)
6. Бұрыштың шамасына байланысты түрі.
(*сыбайлас, сүйір*)
7. Көпмүшенің қалыпты түрі. (*стандарт*)
8. Сызықтың түрі. (*сынық сызық*)



III бөлім
**«Логикалық
сұрақтар»**



**Үі- бөлім
жұмбақ**

III. Математикалық жұмбақтар

I топқа.

1. Бірдей санды бірнеше рет,
Көбейтуден тұрады.
Егер оны ықшамдасаң
Қандай атау болады?

2. Өмірің сенің қызық,
Жолында жоқ түзу сызық,
Басы да жоқ аяғы.
Бір айналым баяғы.

3. Нәрселерді санағанда
Керек бізге ауадай
Айтыңдаршы бұл қандай сан
Жан-жағына қарамай

3. Нүктеден екі сәуледен
Құралған айтшы бұл не екен?


II. топқа

**1. Алды –артымыз шексізде
Жете алмайсыз біздерге
Сәуле менен кесінді
Шыққан тегін білесін бе?**

**2. Егіз туған қос жүйрік
Жарыса шауып терлейді
Бірін-бірі көрмейді
Дамылсыз қанша шапса да
Бір мәреге келмейді.**

**3. Жоқ өзінде бас та, қас та,
мойын да,
Ұзындығы жазылып тұр
бойында.**

**4. Үлкен кіші сандарды сен
Қандай таңба қояр едің
Ажыратқың келсе егер
Қане ойлан куәгер**



V - бөлім
«үй тапсырмасы»

Жоқ өзінде бас та, қас та,
мойын да,
Ұзындығы жазулы тұр
бойында.

сызғыш, линейка, a ruler

Түйеқұс таразыда бір аяғымен
тұрғанда 12 кг. Тартады. Ал егер
екі аяғымен тұрса, қанша
тартады?

он екі, двенадцать, twelve

Өзі сөйлей білмейді, салған
ізі сөйлейді.

қалам, ручка, pen

Ел құлағы нешеу?

елу, пятьдесят, Fifty

*Отыз тістен шыққан
сөз – неше рулы елге
тарайды?*

отыз, тридцать, thirty

Қабат-қабат қаттама,
ақылың болса аттама

кітап, книга, book

**Көңіл бөліп
келгендеріңізге көп рахмет.
Шын сезінген көрерменге,
Мың рахмет, мың рахмет!**

Сау болыңыздар!